«ТАБИҒАТҚА ҚАМҚОРЛЫҚ ЖАСАЙМЫЗ» ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯСЫНЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Жалпы ережелер

«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» акциясы білім алушылар бойында экологиялық мәдениетті, қоршаған ортаға ұқыпты қарауды және ресурстарды үнемдеп пайдалану дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

Ұйымдастырушылық-әдістемелік сүйемелдеу: Қарағанды облысының білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы (ББД ОӘО).

Қатысушылар: Қарағанды облысының орта, арнайы, қосымша, сондай-ақ техникалық және кәсіптік білім беру (ТжКБ) ұйымдары.

Мақсаты: Білім алушылардың экологиялық сауаттылығын арттыру, мектеп пен өңір аумағын абаттандыруға және қайталама шикізатты (макулатураны) сұрыптауға белсенді қатысуын қамтамасыз ету.

Міндеттері:

Білім алушыларға ресурстарды кайта өңдеудің (pecycling) маңыздылығын түсіндіру;

Мектеп ауласын және бекітілген аумақтарды тазалау, көркейту;

Экологиялық еріктілік (волонтерлік) қозғалысты дамыту;

Жас ұрпақты еңбекке және ұжымдық жауапкершілікке баулу.

Нысаналы аудитория 1–11 сынып білім алушылары, педагогтер, мектеп қызметкерлері және ата-аналар.

Өткізілу мерзімі: 2026 жылғы 14–16 қазан

Ұйымдастыру кезеңдері

Бағыты	**Мақсатты топ**	**Іске асыру нысандары мен механизмдері**
I. Дайындық кезеңі	Мектептің шаруашылық меңгерушісі, кітапханашылар, волонтерлер	**Құралдарды дайындау:** Макулатура жинайтын орынды (бокстар/бөлмені) дайындау, құрал-саймандарды (қолғаптар, қоқыс қаптары, таразылар, таразы журналдары) түгендеу.
	1–11 сынып білім алушылары, ата-аналар, мектеп Парламенті	**Ақпараттандыру:** Білім алушылар мен ата-аналар арасында ақпараттандыру жұмысын жүргізу (афишалар, постерлер, хабарландырулар, әлеуметтік желідегі анонстар).
II. Негізгі кезең	1–11 сынып білім алушылары, педагогтер, техникалық қызметкерлер	**Қауіпсіздік техникасы:** Акцияны бастамас бұрын білім алушыларға қауіпсіздік ережелері бойынша нұсқаулық өткізу (қолғап кию, ауыр жүк көтермеу, өткір заттарды ұстамау).
	1–11 сынып білім алушылары, мектеп ұжымы	**Еңбек пен тазалық акциясы:** Мектеп ауласын және бөлінген

		аумақтарды қоқыстан тазалау, абаттандыру; сыныптар арасында макулатураны жинау, өткізу және салмағын өлшеу.
	1–11 сынып білім алушылары, сынып жетекшілері, мектеп волонтерлері, жауапты педагогтер	**«Қағазға екінші өмір» акциясы:** Қағаз қалдықтары мен макулатураны арнайы белгіленген орында қабылдау, салмағын электронды/механикалық таразымен өлшеу, есепке алу журналына сыныптар бойынша нәтижелерді тіркеу.

Қорытынды кезең:

Жинап тапсырылған макулатура көлемін және тазаланған аумақты есептеу;

Жинап тапсырылған шикізатты қайта өңдеу пункттеріне жөнелту;

Белсенді сыныптар мен білім алушыларды грамоталармен, алғыс хаттармен марапаттау.

Бақылау: Бастауыш және орта сынып білім алушылары тек сынып жетекшілері мен педагогтердің тікелей бақылауымен жұмыс істейді.

ТжҚББ бөлімі КМҚК